

**Ф.Ж.АБДРАЗАХОВА,**  
Абай атындағы  
ҚазҰПУ-дың доценті, педагогика  
ғылымдарының кандидаты

## **ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ ЕМЛЕ ЖАЙЛЫ ОЙ- ТҰЖЫРЫМДАРЫ**

Қазақ халқы қай кезде де өзінің біртуар ұлдарын есте сақтап, кейінгі ұрпаққа оның еңбектері мен өмірін, ізденімпаздығын, білімділігін үлгі-өнеге етіп отырған. Солардың бірі – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ұлттық филологиямыздың тұңғыш профессоры Құдайберген Жұбанов.

Белгілі ғалым өз кезеңінде тіл білімінің барша саласына өнімді еңбек етіп, туынды-еңбектерін арнаған. Оның қай сала да болмасын еңбектері әлі күнге дейін ғылыми маңызын жоғалтқан емес. Қ.Жұбанов өз кезеңінде қазақ тілінің ғылым ретінде қалыптасуына және оның алғышарттарын жасап, оны жетілдірудің жолдарын белгіледі. Ғалымның педагогика мәселелері жөніндегі еңбектері теориялық жағынан терең, практикалық жағынан құнды тағылымдарға толы. Сонымен бірге ғалымның еңбектерінде дидактикалық ұшан-теңіз деректер баршылық. Өйткені, ол – оқыту теориясымен мықты қаруланған, оның ішкі сырларын терең де, жан-жақты білген ғалым. Сондай-ақ, профессор Қ.Жұбанов – қазақ тілі тарихындағы елеулі бір өзгеріс – араб жазуынан латын әліппесіне көшу ісіне күш-жігерін аямай жұмсаған ғалым. Педагог-ғалым қазақ ұрпақтарының жазу сауаттылығының дамуына арабшанын тигізген қиыншылықтарына төзе алмай, латын жазуын қабылдау, оны қазақ тіліне лайықтап жетілдіре түсу, емле ережелерін әрі қарай жақсартып, тиянақтауда да нақты ұсыныстар жасады. Оның «Қосар ма, дара ма?», «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы», «Сауаттылықты жоятын нұсқаушы мектеп» т.б. атаулы еңбектерінде оқыту ісін жүйеге түсіру, бір жолға қою сол дәуірдегі көкейкесті түйіндерді көтеріп, адамның жазу сауаттылығын әртүрлі амал-тәсілдер арқылы меңгертудің жолдары қарастырылады. Алфавит, орфография, емле мәселесін қалыпқа түсірмей ешбір халық сауатты бола алмайтынын түсінген профессор өзінің күш-жігерін осы салаға ерекше жұмсаған. Сонымен бірге ғалымның пікірінше, «араб алфавитінің бірінші кемшілігі деп – араб алфавитінің нашар жақтарын талғаусыз әкеліп латын әліппесіне көшіре салу болса, екінші кемшілік – араб жазулы қазақ алфавитінің жалғыз жетістігі саналатын «жіңішкерткіш белгіден» бас тарту болып табылады», – дейді. Негізінде ғалымның тілді жетілдірудегі келелі жұмысы әліппе, жазу емлесін тұрақтандыру мәселелерімен байланысты. Оның бұл реттегі кесімді пікірлері сонау жиырмамыншы жылдардың ішіндегі араб графикасын тастап, латын әліппесін қабылдау жөніндегі айтыс-тартыстар тұсында-ақ белгілі болған. Қ.Жұбанов